

## **"Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 24 мамырда № 8472 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабының 1 -тармағы 1-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу және пайдалану мақсатында Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округі аумағында жалпы көлемі 1,1893 гектар жер учаскесін пайдалануға қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Ұзынкөл ауданы Пресногорьков ауылдық округінің әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Ұзынкөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Пресногорьков ауылдық округінің әкімі*

*Г. Бекетаева*